



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ФОРУМ МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ФОРУМ "SHOQAN ECOLOGY 2026"



**ЖҮЛДЕ ҚОРЫ:
10 МЛН ТЕНҒЕ
ПРИЗОВОЙ ФОНД:
10 МЛН ТЕНҒЕ**

**25-26 СӘУІР, 2026
25-26 АПРЕЛЯ, 2026**

Senior 8-12 сыныптар

Секция 1: Қоршаған ортаның ластануы және оның шешу жолдары
Секция 2: Қалдықтарды басқару
Секция 3: Баламалы энергия көздері
Секция 4: Бизнес, технология және ЖИ

Senior 8-12 классы

Секция 1: Загрязнение окружающей среды и пути решения
Секция 2: Управление отходами
Секция 3: Альтернативные источники энергии
Секция 4: Бизнес, технологии и ИИ

**ТІРКЕЛУ/РЕГИСТРАЦИЯ
ДЕЙІН/ДО 01.03.26**

SHOQANECOLOGY.KZ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік Мектеп» ЖШС мектеп оқушыларының арасында ғылыми зерттеулерге мүддесін қалыптастыру мақсатында, Сізді **2026 ж. 25-26 сәуірде** офлайн- форматта өтетін «**Shoqan Ecology**» жас ғалымдардың Халықаралық ғылыми форумына (бұдан әрі- Форум) қатысуға шақырады. Форумға Қазақстанның орта және мамандандырылған білім беру мекемелерінің, сондай-ақ, жақын (ТМД) және алыс шет елдерінің **8-12 сынып** оқушылары қатыса алады.

Форумның негізгі мақсаты мектеп оқушыларының арасында ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылық арттыру, олардың зерттеу дағдысын және өз бетімен ақпаратты іздестіре алу әдетін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық потенциалын ынталандыру, оқушылардың білім және ғылымға деген қызығушылығын арттыру, және талантты оқушыларды анықтау болып саналады.

Оқушылардың жұмысы риясыз төрешілік және академиялық шындық ұстанымы бойынша білікті және тәуелсіз әділқазы мүшелерімен бағаланады.

Конкурсқа қатысушылардың жұмыстары мен сөйлеген сөздерін бағалау бойынша әділқазы мүшелерінің жұмысы, Форумға қатысушыларға өрескел, әдепсіз мінездің көрсетілуіне жол бермей немесе оның біріне ағат пікір жасамау арқылы жұмыстарын білікті түрде бағалауға бағытталған. Аталмыш Форум тарапында келесі секциялар бойынша табиғи ғылымдар бойынша (химия, биология, физика, экология) теориялық, сараптамалық және қолданбалы сипаттағы баяндамалар тыңдалады:

- **1 Секция: Қоршаған ортаның ластану және оны шешу жолдары**
- **2 Секция: Қалдықтарды басқару**
- **3 Секция: Энергияның баламалы көздері**
- **4 Секция: Бизнес, технология және ЖИ**

Форум өткізілетін тіл: – қазақ, орыс, ағылшын.

Өткізу орны: Алматы қ., 050059, Самал-3 ықш., 37/1, «Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік Мектеп».

Форумға қатысамын деушілерге 2026 жылдың 1 наурызына дейін келесі сілтеме бойынша гугл-қалпын толтыру қажет:

<https://forms.gle/v6LjNSVu9SDXrYvV8>

Жұмысты ұсынардың алдында, 25 000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде ұйымдастырушылық жарна төленуі тиіс. Бұдан әрі, гугл-қалпында Форумға қатысу туралы өтінімді толтырып, ғылыми жұмысы, бейне презентация сілтемесін және төлем жасағаны жөніндегі түбіртекті бекітуі керек. Ұйымдастырушылық жарнаның төлеу үлгісі келесі сілтемедегі бейнеде көрсетілген: https://youtu.be/gIoKjtVh5_w

Ұйымдастырушылық жарна әр форумға қатысушы үшін жеке төленеді. Бір адам бірнеше баяндаманың авторы бола алмайды. Командалық жұмысқа қатысушылар саны 2 оқушыдан аспауы тиіс. Форумға қатысу үшін қатысушылар горизонтальды форматта 1 минутқа дейін созылатын өздері және жобасы туралы бейне презентация дайындап, оны Youtube желісіне жүктеп, гугл-қалпына бейненің сілтемесін тіркеуі қажет. Бейне көрсетілім үлгісі: **<https://www.youtube.com/watch?v=sfYRsFijEsM>**

Телеграм канал: <https://t.me/shoqanecology> Вебсайт: <https://shoqanecology.kz>



Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектептің базасында 8-12 сынып оқушылары арасында «Shoqan Ecology» жас ғалымдардың Халықаралық ғылыми форумын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Алматы 2026 ж

МАҚСАТТАРЫ:

- ✓ 8-12 сынып оқушыларының ғылыми- зерттеу жұмыстарын ынталандыру;
- ✓ 8-12 сынып оқушыларындағы зерттеу дағдыларын дамыту;
- ✓ Интеллектуалдық және шығармашылық потенциалдарын ынталандыру;
- ✓ Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру;
- ✓ 8-12 сынып оқушыларының арасында талантты балаларды анықтау және өз бетімен іздене білуін қалыптастыру;
- ✓ Балалардағы ғылыми зерттеулер және жаңалықтарға деген қызығушылығын арттыру.

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ:

Форумды өткізу мерзімі: 2026 ж. 25-26 сәуір.

Өткізу орны: Алматы қ., 050059, Медеу ауданы, Самал-3 ықш., 37/1 үй, «Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік Мектеп».

Форумға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: Форумға Қазақстан Республикасының, сондай-ақ, жақын (ТМД) және алыс шет елден 8-12 сынып мектеп оқушылары (орта және мамандандырылған білім беру мекемелерінің) қатыса алады.

Форум өткізілетін тіл:

- Қазақ;
- Орыс;
- Ағылшын.

Форум 2 сатыдан тұрады:

- 1 саты – конкурстың талаптарына сәйкес келетін ғылыми жұмыстарды онлайн түрде іріктеу. Әр секциядан 25 ғылыми жұмысқа дейін іріктеп алынады.
- 2 саты – қатысушылардың іріктеліп алынған жұмыстары бойынша оффлайн сөйлеу кеңсесі.

Әділқазы мүшелері болып химия, биология, физика және экология саласынан қазақстандық және әлемге танымал ғалымдар сайланады.

ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ:

Оқушылардың жұмыстары риясыз төрешілік және академиялық шындық ұстанымы бойынша білікті және тәуелсіз әділқазы мүшелерімен бағаланатын болады.

Конкурсқа қатысушылардың жұмыстары мен сөйлеген сөздерін бағалау бойынша әділқазы мүшелерінің жұмысы, Форумға қатысушыларға өрескел, әдепсіз мінездің көрсетілуіне жол бермей немесе оның біріне ағат пікір жасамау арқылы жұмыстарын білікті түрде бағалауға бағытталған.

Аталмыш Форум тарапында келесі секциялар бойынша табиғи ғылымдар бойынша (химия, биология, физика, экология) теориялық, сараптамалық және қолданбалы сипаттағы баяндамалар тыңдалады:

- **1 Секция: Қоршаған ортаның ластануы және оны шешу жолдары:** Қоршаған ортаның (топырақ, су және ауаның) берік уытты қоспалармен, радиобелсенді материалдармен немесе қоршаған ортаның нысандарына жағымсыз әсер ететін және халық арасында аурушандық тудыратын агенттермен ластануын шешу жолдарын іздеу, ондағы жай-күйге баға бері.
- **2 Секция: Қалдықтарды басқару (азайту-қайта өңдеу- қайта қолдану):** Қалдықтарды жою немесе «оның шығу көзі мөлшерін азайту». Уытты заттардан барынша еркін ұзаққа қолданылатын материалдарды іздестіру; өндірісте шағын мөлшерде шикізатты қолдану, қызмет ету мерзімін ұлғату немесе бұйымды алғаш рет қолданғаннан соң қайта қолдану мақсатында өнімнің дизайнын өзгерту.
- **3 Секция 3: Энергияның баламалы көздері:** әлемдік энергия мәселелерін іс- тәжірибе жүзінде іздестіру және ғаламдық орнықтылықты ұстау үшін қолдануға болатын технологияны іздестіру. Қазіргі кезде үлесіне қалдықтың ең көп бөлігі түсетін қазба отыннан (көмір, мұнай және газ) жаңартылатын энергия көзіне (күн сәулесі, жел, су және биомасса) көшу климаттық кризисті болдырмау кілті болып табылады.
- **4 Секция: Бизнес, технология және ЖИ:** қоршаған ортаның ластануымен орын алатын мәселені шешуге және/немесе оған теріс әсер етушіліктерді азайтуға бағытталған стартап және бизнес жобалар, сондай-ақ, жасанды интеллект негізінде жаңа қоршаған ортаны қорғау технологияларын әзірлеп дайындау.

!!! Ұйымдастырушылық комитеті өзінің атына талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстарды қабылдамау құқығын қалдырады.

ФОРУМҒА МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУДА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жұмысты ресімдеу кезінде келесідей талаптар ұсынылады: Ғылыми жұмыстың көлемі әдебиет тізімдерін, кестелер мен сурет астындағы жазумен суреттерді, сызбалар мен қосымшаларды қосқанда **30 бетке дейінгі** басылым мәтін. Файлдың атауы тек жұмыстың атымен аталуы тиіс (мысалы, ***Биоыдырайтын полимерлерді өндіру технологиясын әзірлеу. doc.***). **Жұмыста автордың/лардың Т.А.Ж. және мектеп туралы көрсетілмеуі қажет. Бір тұлға бір ғана баяндаманың авторы бола алады. Командалық жұмысқа 2 оқушыдан аспайтын сан мөлшерінде қатыса алады.**

Ғылыми жұмыстың беттері нөмірленген болуы тиіс.

Мәтіні түрлі нұсқадағы Word бағдарламасымен теріледі. Мәтіннің қарпі - Times New Roman, қағаздың форматы А4 (210*297 мм), кегілдің көлемі-14 пт. Жоларалық интервалы – 1,5 см. Ені бойынша теңестіру. Азат жол - 1,25 см. Үстіңгі жолағы- 2, төменгі- 2, сол жақ жолы - 3, оң жағы- 2. Беттері төмен жақта ортасынан нөмірленуі керек. Кестелерде, суреттерде, формулаларда белгілерді, таңбаларды жазғанда әркелі оқылмауы керек. Суреттері нақты, айқын көрінуі тиіс. Суреттер мен кестелерге мәтінде сілтеме болуы қажет. Формулалар сәйкес редакторда (математикалық химиялық формулалар үшін) жасалуы керек. Кестелерде атауы жазылып, бағандары бос болмауы керек. Шартты қысқартулар мен таңбалар ескертуде түсіндірілуі керек.

Жобаның мәтіні келесі тараулардан құралады: **1 Титул парағы, 2 Мазмұны, 3 Абстракт (Аңдатпа), 4 Кіріспе, 5 Әдеби шолу, 6 Зерттеу бөлімі, 7 Қорытынды, 8 Қолданылған әдебиеттер тізімі.**

Титул парағы материалдың мәнін айқындайтын ғылыми жұмыстың атауынан тұруы керек, әрі қарай авторлар туралы ақпарат көрсетіледі (оқу орны, қала, оқу сыныбы). **Автордың (лардың) және ғылыми жетекшінің Т.А.Ж. титул парағында көрсетілмеуі тиіс.**

Мазмұнында ғылыми жұмыстың құрылымы көрінуі керек. Онда тақырып ғана емес, тақырыпша болуы керек.

Абстракт (Аңдатпа) мәтіннің басында жоба дайындалған (250 сөзге дейін) басталуы керек. Абстракт тақырыбы мен құрылымы туралы жалпылай көрсететін ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұны болып саналады.

Жобаның **кіріспе және әдеби шолуда** (кемінде 2 басылым мәтіні) таңдалған зерттеу мәтінінің негіздемесі және өзектілігі, жобаның мақсаттары мен міндеттері, алға қойған тапсырманы шешу әдістері, таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге шолу және сіздің зерттеу жүргізуіңіздің қажеттілігін көрсететін кемшіліктер көрінуі тиіс.

Зерттеу бөлімі бөлек тараулардан тұруы мүмкін және қорытындылар мен оларды талқылаудан, сурет түріндегі көрнекі материалдан, сызбалардан, схема және кестелерден құралады. Жұмыс оқушының білімін ашатын және оларды нақты іс-тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін қолдана білетіндей, өз бетімен жүргізген зерттеуінен болуы керек. Жұмысында қисынды қорытынды сипаттары көрініп, оқушының арнайы терминологияны сауатты қолдану қабілетін, өзінің ой-пікірін ашық та анық тұжырымдай, ұсынысын дәйектей алуын көрсетуі тиіс.

Қорытынды (1 беттен аспайтын) негізгі нәтижелерден және олардың негізіндегі қорытындыдан, сондай-ақ, жобаның қорытындысын қолдану жөніндегі ұсынымнан құралады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі «Кітапнама жазбасы. Кітапнама сипаттамасы. Жалпы талаптар және құру тәртібі» МЕМСТ 7.1-2003 немесе и APA style сәйкес ресімделеді.

Таныстыру немесе Презентация:

1. Презентация ғылыми баяндамаға сәйкес ұқсас құрылым болуы тиіс;
2. Презентацияда титул слайды, баяндаушының Т.А.Ж., мектеп және презентацияның тақырыбы жазылуы тиіс;
3. Сөйлеу регламенті 8 минуттан аспау керек;
4. Кемінде 5 слайд, 20 слайдтан аспауы керек;
5. Слайдтар көрнекі болып, мәтіндері аз болуы керек;
6. Түс, визуал, безендіруді қолдануға болады.

Форумға қатысуға шақыру хат алған жұмыстар постер (стенд) әзірлеп, басып шығарып, Форумға әкелуі керек.

Постер

- Сіздің атыңыз, мектеп, зерттеу тақырыбы;
- Постердің ұсынылған мөлшері – А1 (сізге постерді басып шығарып Форумға әкелу керек);
- Постерге керекті мәтінмен/сызбалармен/ визуалмен жобаның қысқаша мазмұнын сыйдырып жазуға тырысыңыз;
- Маңызды ақпарат 5 метр қашықтықтан көрінуі тиіс;
- Атауын қысқа да нұсқа қызығушылық танытатындай жазыңыз;
- Постердің мәтіні 800 сөзден аспау қажет;
- Нөмірді, мәтінін постерді қысқа оқу үшін бөліп жазуды қолданыңыз;
- Түсті, картиналарды, диаграммаларды, сызбалар мен визуалды қолданыңыздар.

Постерлердің кейбір үлгілері келесі сілтемелерде берілген:
<https://www.animateyour.science/post/best-examples-of-scientific-posters>

Постерге талаптар



Ғылыми жұмысты ресімдеудің сызбалық үлгісі:

**АВТОР (ЛАР) МЕН ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ Т.А.Ж. титул парағында
КӨРСЕТІЛМЕУ КЕРЕК.**

Тақырыбы: Жобаның атауы

Секция: Қоршаған ортаның ластануы және оны шешу жолдары

Алматы, 2026

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ШАРТ:

Форумға қатысамын деушілерге 2026 жылғы 1 наурызына дейін келесі сілтеме бойынша гугл-қалпын толтырып, келесі сілтеме бойынша презентация және ғылыми жұмыстарды бекіту қажет:

<https://forms.gle/v6LjNSVu9SDXrYvV8>

Форумға қатысу үшін қатысушылар горизонтальды форматта 1 минутқа дейін созылатын өздері және жобасы туралы бейне презентация дайындап, оны Youtube желісіне жүктеп, гугл-қалпына бейненің сілтемесін тіркеуі қажет. Бейне көрсетілім үлгісі: <https://www.youtube.com/watch?v=sfYRsFijEsM>

Жұмысты ұсынардың алдында, 25 000 (жиырма бес мың) тенге мөлшерінде ұйымдастырушылық жарна төленуі тиіс (№1 Қосымша).

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖАРНА ӘР ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫ ҮШІН ЖЕКЕ ТӨЛЕНЕДІ.

Бұдан әрі, гугл-қалпында Форумға қатысу туралы өтінімді толтырып, ғылыми жұмысы, бейне презентация сілтемесін және төлем жасағаны жөніндегі түбіртекті бекітуі керек.

Ұйымдастырушылық жарна сомасы тамақтануға (бірінші күннің түскі асы және кофебрейк), жарияланған жұмыстарды бағалау және пікір білдіруге жұмсалады.

Ұйымдастырушылық жарнаның төлеу үлгісі келесі сілтемедегі бейнеде көрсетілген: https://youtu.be/gIoKjtVh5_w

Жақын (ТМД) және алыс шет елінен шет ел қатысушылары үшін, ұйымдастырушылық жарна төлемі директордың қолы қойылған және мөр басылған ресми бланкте білім беру мекемесінен кепілдеме хат болған жағдайда Форум басталар бұрын ақшалай қаражат берумен қарастырылады.

ТӨЛЕМДІ ТАҒАЙЫНДАУДА міндетті түрде келесідей жазыңыз:

«Форумға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарнаны төлеу Тегі Аты Жөні, мектептің № ____»

Ұйымдастырушылық жарнаны төлеу үшін мектептің келесі деректемелерін қолданыңыздар:

ДЕРЕКТЕМЕЛЕР* «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» ЖШС
«Банк Центр Кредит» АҚ:

БИН 180940031443

Кбе 17

КНП 861

ИИК KZ588562203106993908

БИК KСJBKZKX

ТӨЛЕМДІ ТАҒАЙЫНДАУДА:

Форумға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарна төлемі

(Форумға қатысушының толық аты-жөнін және ЖСН-ін көрсетіңіз)

!!! Төмендегіге көңіл бөлулеріңізді сұраймыз:

- Форумның ұйымдастырушылық комитеті жоғарыда көрсетілген талаптар бойынша қанағаттанарлық болмаса, Форумның негізгі бағытынан тыс жасалған жұмыстарды қабылдамауға құқығы бар.
- Ұйымдастырушылық жарна әр форумға қатысушы үшін жеке төленеді. Бір адам бірнеше рет бір баяндаманың авторы бола алмайды. Командалық жұмысқа қатысушылар саны 2 оқушыдан аспауы тиіс.
- Ұйымдастырушылық жарна түрінде енгізілген сома екінші кезеңге өтпеген жұмыстар бойынша қайтарылмайды.
- Ғылыми жұмыстарға апелляция Форумның екінші кезеңіне іріктелгеннен соң қарастырылмайды.
- Форумға қатысушылармен кері байланыс телеграм каналы <https://t.me/shoqanecology> және shoqanecology@shoqanschool.kz электрондық поштамен жүргізілетін болады. Форум вебсайты: <https://shoqanecology.kz>
- Шақыру хаты және Форумның бағдарламасы жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін жұмыстарға жіберілетін болады.
- Иссапар шығындары (трансфер және тұру)- жіберетін жақтың есебінен қарастырылады.

!!! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР: Ұйымдастырушылық комитетіне 2026 жылдың 1 наурызынан соң келіп түскен өтінімдер ҚАРАСТЫРЫЛМАЙДЫ.

ҚАТЫСУҒА БҰРЫННАН ӨТІНІМ БЕРГЕНДЕРГЕ ІРІКТЕЛГЕН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША, <https://t.me/shoqanecology> СІЛТЕМЕСІ БОЙЫНША ТЕЛЕГРАМ КАНАЛ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА АРҚЫЛЫ ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫ ЖІБЕРІЛЕТІН БОЛАДЫ.

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ, ФОРУМ ЖӨНІНДЕ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ БАРЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРІЛІП ТҰРАТЫН, БІЗДІҢ ТЕЛЕГРАМ КАНАЛҒА ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

Ғылыми Форумның әр секциясының жеңімпаздары Гран-при дипломымен, I, II және III дәрежелі ақшалай жүлделермен дипломымен, түрлі дәрежедегі дипломдармен және марапаттау жүлделерімен марапатталатын болады, ал, Форумға қатысушылардың барлығына қатысқаны туралы сертификат беріледі.

I, II және III дәрежелі дипломдар саны Форумға қатысушылардың барлығының санынан 45 %-ды құрайды.

«Shoqan Ecology» Халықаралық жас ғалымдардың ғылыми форумына қатысу үшін ұйымдастырушылық жарна төлеу жөніндегі нұсқау:

Құрметті ата-аналар, төлемді:

I) ВСС.KZ қосымшасы арқылы («Банк Центр Кредит» АҚ Интернет-банкингі).

Комиссия алынбайды.

➤ «Төлемдер» – «Білім беру» – «Мектептер» – «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» – «Өзге қызметтер».

➤ Содан соң «қатысушының ЖСН» (баланың Т.А.Ж. шығады) – «Баланың сыныбы» дегенді толтыру – «Төлем кезеңі» – «Сомасы» – «Төлеу».

II) «Банк ЦентрКредит» АҚ терминалдары арқылы төлем жасау «Төлемдер» – «Білім беру» – «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» – «Өзге қызметтер». Комиссия 70 теңге.

III) «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» ЖШС-ның ағымдағы шотына «Банк Центр Кредит» АҚ төмендегі банк деректемелері арқылы* қолма қол ақшасыз аударым. Комиссия жіберуші банктің қолданыстағы тарифіне сәйкес алынады.

IV) Төменгі банк деректемелері бойынша «Банк Центр Кредит» АҚ қайсыбір бөлімшесіне банктің кассасы арқылы қолма қол ақшамен төлеу.

Банк комиссиясы төлем сомасынан 0,3% мөлшерінде ең аз дегенде 250 теңгені құрайды.

«Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» ЖШС ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

БИН 180940031443

Кбе 17

КНП 861

ИИК KZ588562203106993908

БИК KСJBKZKX



ТӨЛЕМДІ ТАҒАЙЫНДАҒАНДА: Форумда қатысу үшін ұйымдастырушылық жарнаны төлеу

(Форумға қатысушының толық аты-жөнін және ЖСН-ін көрсетіңіз)

Төлем жүргізілгені туралы түбіртектердің көшірмесін ұйымдастырушылық комитеттің shoqanecology@shoqanschool.kz электрондық поштасына жіберуіңізді сұраймыз.